

Бөкетов, Қ.

Ризашылық: [Е.А. Бөкетовке ескерткіш ашылды] / Камзабай Бөкетов // Орталық Қазақстан. - 2006. - 14 желтоқсан

Бұл күндері біз менің ардақты да, қымбатты ағам, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Жазушылар одағының мүшесі Евней Арыстанұлы Бөкетовті есте қалдыру шараларының ең бір қошеметті шақтарына куә болып тұрмыз. Биылғы желтоқсанның 13-ші жұлдызында оның арамыздан кеткеніне 23 жыл толады. Қайтыс болғанынан кейін бір жылдан соң, 1985 жылдың басында 12 тараудан тұратын, ресми орындардың бірімен де мұқұлданбаған, тек өзін өте жақсы білетін қоғам қайраткерлерімен, ізбасарларымен, шәкірттерімен ғана келісілген, оның есімін мәңгі есте қалдыру шараларының жоба-жоспары жасалған еді. Бүгінгі күні соның барлығы орындалды, ашылып отырған алып ескерткіш, меніңше, сол іс-шаралардың соңы, аяқталуы.

Осы істердің барлығы аса құрметті, ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жан-жақты көмегі мен қолдауы арқасында іске асырылып отыр. Барлықтарыңызға белгілі, елдің бұрынғы басшылары кезінде Евнейдің атын атаудың өзі қиын еді, оның өмірден ерте өтуіне де осылар себеп болды ғой. Міне, енді қазір оның ардақты есімі өз халқына қайтарылды.

Нұрсұлтан Әбішұлына біздің әрбір жасаған өтініштеріміз ешқашан ескерусіз қалған емес, сондықтан да барлық жоспарланған істер жүзеге асты. Сол үшін Нұрсұлтан Әбішұлына шын жүректен үлкен алғыс айтамыз, шын көңілімізден зор денсаулық, ұзақ өмір тілейміз!

Облыс әкімі, құрметті Нұрлан Зайроллаұлына ерекше ризашылық пен шын жүректен алғыс айтамыз. Ол жоғары лауазымды мемлекеттік қызметке тағайындалғаннан кейін, қаланың шаруашылық орындарымен танысу кезінде, ең алғашқылардың бірі болып ескерткіштер жасалатын шеберханада болып, скульптор Билықтың жұмысымен танысып, оның жұмысына қолбайлау болып тұрған, көптеген шешілмеген проблемаларды ықыласпен тыңдап, көпшілігін, әсіресе қаржы мәселесін, сол жерде-ақ шешіп, академик Бөкетовке ескерткіш осы жылғы қазан айында орнатылуын тапсырды. Осыдан кейін жұмыс жедел жүріп, нәтижесін бүгін көріп отырмыз.

Ректор, профессор Еркін Қинаятұлы Көбеев басқаратын Е. Бөкетов атындағы мемлекеттік университет ұжымының да бұл іске қосқан үлесі өте зор. Академик Е.А. Бөкетовтің мемориалдық мұражайын қайта жөндеуден өткізіп, ғалымның толық шығармалар жинағын шығарып және ескерткішті орнатуда ерекше белсенділік көрсетіп, оған жетпеген қаржыны университет бюджетінен толықтырды. Былтырғы жылы 80 жылдық мерейтой кеңінен атап өтілді, университетте «Бөкетов оқулары» тұрақты түрде жүргізіліп тұрады және басқа да жұмыстар атқарылады.

Бұл жұмыста өте ерекше жанашырлық көрсеткен университеттің бұрынғы ректоры Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаевты атап өткім келеді. 1991 жылдың

көктемiнен, ректорлық жұмысқа кiрiскеннен бастап өзiнiң ұстазының есiмiн есте қалдыруда белсендiлiк көрсетiп, жұмыс жасады. Сол жылы Е. Бөкетов есiмi университетке берiлдi, мемориалдық мұражай ашылды, ғалымның жетпiс, жетпiс бес жылдық мерейтойлары кеңiнен атап өтiлiп, тағы басқа iс-шаралар өткiзiлдi. Барлық осы iстерде ол кiсiнi мыңдаған санды университет ұжымы қолдап отырды.

Өткен жылдарда үш мемориалдық тақта орнатылды, олар Алматыда, Қарағандыда тұрған үйлерiнiң, өзi 23 жыл бойы жемiстi қызмет iстеген Қарағандыдағы Химия-металлургия институтының қабырғасында. Ол 500-ден артық жарыққа шыққан ғылыми еңбектер, бiразы өзi қайтыс болғаннан кейiн басылған, соның iшiнде 9 монография және 80-нен астам әдеби шығармалар қалдырды. Оның есiмi қалаларда көшелер мен мектептерге берiлген.

Менiң ағамның есiмiн есте қалдыру шараларын iске асыруда ерекше белсендiлiк көрсетiп, еңбек еткен адамдарға үлкен ризашылығымды бiлдiрiп, зор алғыс айтамын. Олардың бiразын атап өтейiн. Оның алғашқы оқушыларының бiрi, марқұм Жантөре Нұрланұлы Әбiшев, 1987 қиын жылы Химия-металлургия институтына мемориалдық тақта орнатуға көп көмек көрсеттi. Сол жылдары қалалық атқару комитетiнiң төрағасы болған Рымқұл Илиясов марқұм, 90 жылдары облыстық атқару комитетiнiң төрағасы болған Ислам Тоғайбаев, сол жылдары облыстық атқару комитетi төрағасының орынбасары, қазiргi мәдениет департаментiнiң директоры Рымбала Омарбекова, белгiлi ғалым, академик Зейнолла Молдахметов, «Фитохимия» институтының директоры, академик Серғазы Әдекенов. Химия-металлургия институтының директоры Манат Толымбеков, сол институттың лаборатория меңгерушiсi Виталий Малышев, марқұм, академик Ғабдолла Құлқыбаев, М. Қозыбаев атындағы Солтүстiк Қазақстан мемлекеттiк университетiнiң ректоры Ондасын Әшiмов, Шығыс-Қазақстан техникалық университетiнiң ректоры Ғалымжан Мұратов, химиялық зерттеулер технологиясы орталығының директоры, академик Нұралы Бектұрғанов және басқа көптеген адамдарға осы шараларды iске асыруда демеушiлiк көрсеткендерi үшiн тағы да алғысымды бiлдiремiн. Бұл шараларды iске асыруға көмек көрсеткен, ақыл берген басқа көптеген адамдарға - қоғам қайраткерi, ақын Кәкiмбек Салықовқа, Евней Арыстанұлының өмiр жолы мен қызметiн суреттеген, бiр жылда үш рет 6 мың дана болып шыққан роман-эссе авторы, жазушы Медеу Сарсекеге және көптеген естелiктер жинағын шығарысқан, «Минералды шикiзаттарды кешендi игеру орталығының» бас директоры, академик Абдiрасул Жәрменовке, облыстық «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» газеттерiнiң ұжымдарына, осы газеттердiң бұрынғы редакторлары - Нұрмахан Оразбековке, Андрей Широкобородовқа, Сұлтан Кемелбаевқа, қазiргi редакторлар - Мағауия Сембаевқа, Владимир Рыжковқа өзiмнiң шексiз алғысымды бiлдiремiн.

Құрметтi жолдастар, соңғы аттары аталған адамдарға мен жағынайын деп атап отырғаным жоқ, өйткенi ол кезде М. Сембаев «Социалистiк Қазақстан», қазiргi «Егемен Қазақстан» газетiнiң меншiктi тiлшiсi болатын, ал В. Рыжков

«Индустриальная Караганданың» бас редакторының орынбасары, кейіннен «Қазақстанская правданың» меншікті тілшісі болып жұмыс істейтін. Шынын айтқанда, олар мені өмірден ерте кеткен ағам туралы алғашқы естеліктерімді жазуыма себеп болды. Ақырында олардың ықпалымен ешқашан ойламаған - Қазақстан Республикасының Журналистер одағының мүшесі болдым.

Әр уақытта, әсіресе мерекелік күндерге арналған телерадиохабарлар беріп тұрған республикалық және облыстық телерадиокомпаниялардың, Солтүстік Қазақстан облыстық газеттерінің ұжымдарына ризашылық білдіремін.

Тағы мына адамдарға - журналист, ақын, жазушы, Евнейге өлеңдерін, көптеген мақалалар мен очерктер арнаған Бақытжан Тобаяқовқа; республикалық «Қазақстанская правда» газетінің бұрынғы меншікті тілшісі журналист-жазушы, Евнейдің өмірі мен қызметінен мақалалар мен очерктер жазған, әр шығармасында Евнейдің есімін атауды ұмытпайтын Валерий Могильницкийге; өзімнің қадірлі жерлестерім өз ынталарымен Петропавловск қаласында орталық кешелердің біріне және облыстық ғылыми-техникалық кітапханаға академиктің есімін беруге сіңірген еңбектері мен баспасөз беттерінде көптеген өздерінің естеліктерін жариялағандары үшін Ғалым Қадыралинге, Қайролла Мұқановқа рахмет айтамын.

Бұлармен бірге бүгінгі орнатылған ескерткіштің авторлары, менің байырғы таныстарым, скульптор Анатолий Билыққа және архитектор Станислав Мордвинцевке ризашылықпен алғысымды білдіремін.

Қартайғанда адамның есінде көп нәрселер сақталмайтын көрінеді, сондықтан есімдері аталмай қалған адамдар бар шығар, мен ол кісілерден кешірім сұраймын.

Тағы да өз атымнан, туған-туыстарымның атынан, бүгінгі мына менің ардақты ағамның есімін мәңгілікке қалдыру ісін атқарған университет басшыларына шын жүректен алғысымды айтамын. Сіздерге үлкен рахмет! Менің ардақты ағам қола бейнеде тұрып қазақстандық болашақ ұрпақтарды өз рухында тәрбиелей берсін!